



Жаңақорған ТЫНЫСЫ

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / аудандық қоғамдық-саяси газет

№13 (8927) 17 ақпан, сейсенбі 2026 жыл

СҮЙІНШІ!



ОЛИМПИАДА: ТАРИХ ЖАҢАРДЫ

Иә, егемен ел ретінде қысқы Олимпиада ойындарында алтын алмағанымызға 32 жыл болыпты. 1994 жылы төртжылдықтың басты спорт бәсекесінде тұғырдың ең биігінде көк туымыз желбіреп, өнұранымыз шырқалып еді. Енді, міне, араға жылдар салып, ел спортының тарихы жаңарды. Мәнерлеп сырғанаудан Михаил Шайдоров ақ Олимпиада алауы астында алтын жүлдені мойнына тағып, қазақ елінің абыройын асырды. Небәрі 21 жасында жаһан жұртын таңдай қақтырған отандасымыздың бұл жеңісі қазір барлық әлемдік БАҚ-та жарысып жазылуда.

Әлібек ТЕМІРБЕК

Италияның Милан және Кортино қалаларында өтіп жатқан XXV қысқы Олимпиада ойындары бел ортасынан ауда. Турирлік кестеде қысқы спорт түрлерін шебер меңгерген елдер көш бастап тұр. Десе де төртжылдықтың басты бәсекесінің мәреге жетуіне 5 күн барын ескерсек, қорытынды есеп сан өзгеретіні белгілі. Әзірге алтын мен жалпы жүлде есебінде Норвегия көш бастап тұр. Аталған ел қоржынында – 12 алтын, 7 күміс, 7 қола медаль бар. Жарыс қожайындары Италия спортшылары норвегиялықтарды өкшелеп келеді. Бәсекені ұйымдастырушы тараптың жалпы жүлде саны – 22. Оның ішінде – 8-і алтын, 4-і күміс, 10-ы қола медаль. Үздік үштікті жалпы жиынын 17 медальмен АҚШ түйіндеп тұр. Кейінгі төртінші жөне бесінші орындарға бес алтынмен Нидерланды және Швеция жайғасқан. Ал, Қазақстан жалпыкомандалық есепте Михаилдің тарихи алтын жүлдесімен 17-ші орынға жайғасқан. Айта кетейік,

Италия төрінде ел намысын 10 спорт түрінен 36 атлет қорғап жатыр. Енді бір сәт біз чемпион Миша жайында жаза кетейік. Михаил Шайдоров 2004 жылғы 25 маусымда Алматы қаласында дүниеге келген. Болашақ чемпион мұз айдынына бес жасында аяқ басады. Оның алғашқы бапкері болып, бағыт-бағдарын берген адам – әкесі Станислав Шайдоров екен. Ол да Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әкесі оны алғаш рет «Рамстор» мұз айдынына ертіп барады, алайда кішкентай Михаил мәнерлеп сырғанаудан бұрын спорттық гимнастикамен айналысқанды жаны қалайды. Араға бір жарым жыл салып, коньки тебуге деген құлшынысы қайта күшейеді. Сөйтіп, жеті жасынан бастап тұрақты жаттығуға кіріседі. Осылай үлкен спорттағы алғашқы қадамын бастайды.

3 сәтте

Әбдуәли БАЕШОВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі:

БІЗДІҢ СҰХБАТ

АР-НАМЫС САҚТАЛҒАН ЖЕРДЕ ЗАҢ САЛТАНАТ ҚҰРАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми қауымдастықтың алдында сөйлеген сөзінде: «Ғылым жолы – күрделі жол. Өз ісіне адал, табанды, еңбекқор, жаңашыл адамдар ғана ғылым жолындағы қиындыққа төзе алады. Отанмызды көркейтеміз десек, ең алдымен ғылым мен білімді дамытуымыз керек. Бұдан басқа жол жоқ» деген болатын. Біз осы орайда туған жеріміздің перзенті, бүкіл өмірін ғылымға арнаған, отандық ғылым көкжиегінде үлкен қолтаңбасы бар, еліміздегі химия, экология, гидро-электростанциялар саласы бойынша әлемдік үш жаңалық ашқан, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын жары Ажар Баешова екеуі бірге алып «Қазақстанның Кюрилері» атанған, Оксфорд университетінің шешімімен «XXI ғасырдың әлемдік ғұлама ғалымдары» реестріне енген, химия ғылымдарының докторы, ҚР еңбегі сіңген өнертапқышы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдуәли Баешовпен сұхбаттасқан едік.

Баян УСЕЙІНОВА

– Ғылымды таңдауыңызға не себеп болды? Алғашқы еңбек жолыңызды қай жерде бастадыңыз?

– Әкем Баеш пен анам Нұрысқа менің бойымдағы байқампаздық, сезімталдық қасиетімді ерте аңдап, Кентау қаласында тұратын ағаларымның қамқорлығына жіберіп, сондағы дарынды балалар мектебінде білім алдым. Электрохимия саласына қызығушылығым мектеп қабырғасында басталды деуге болады. Жүрек қалауыммен таңдаған мамандығым бойынша жоғары білім алдым. Ол кездегі тәртіп бойынша диплом өндірісте бір жыл жұмыс атқарған соң ғана беріледі. Сол үшін Петропавл қаласындағы ірі әскери зауыттардың бірінде жұмыс атқаруыма тура келді. Құрамында жеті мыңдай жұмысшысы бар машина жасау зауыты шығарып жатқан трактор тіркесінің бір тетігінде шытынау байқалып, мамандар тығырыққа тірелді. Жаңа жыл қарсаңы еді, мына құралдар өтпей, мәселе шешілмесе, мекеме айлық, сыйақыдан құр қалайын деп тұр. Мен сол ақауды таптым. Зауыт басшылары риза болып маған көтермеақы тағайындады. Ғылымдағы жетістіктеріміз басы осы жерден басталды.

Ал енді ғылым жолын таңдауыңызға не себеп болды деген сауалға келейік. Әлемге белгілі ғалымдар Гальвани, Вольтта 18 ғасырдың екінші жартысында электр тогын алудың алғашқы қадамдарын жасап, Майкл Фарадей электр тогын алатын генератор және электр тогын механикалық энергияға айналдыратын электр двигателдерін жасаудың ғылыми негіздерін жасап берді. Бүгінде қалтаға «жұлдыздың» есімін білетін адамдар бұл ғалымдар туралы біле ме? Ғылым жетістіктері адамзаттың бүкіл өмірінің сапасын өзгертіп, комфорттық жағдай тудырады. Барлығы да ғылымда жүйелі сабақтасып келе жатқан жанкешті еңбектің арқасы дер едім. Өкініштісі, ғалымдардың еңбегі толық бағаланып жүрген жоқ.

– Электрохимия саласында өзіңіз ашқан жаңалық турасында не айтасыз?

– Мен ғылым жолындағы жетістіктерімізді талантты ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, ұстазым Ебіней Бекетовтың есімінен бөліп-жарып айта алмаймын. Ол кісімен тізе қосып бірге жұмыс атқардық. 1985 жылы партияның XXV съезінде Кремльде елімізге миллиардтаған сом пайда әкелетін екі ғылыми жаңалық туралы айтылды. Соның бірі – дисперс мұз ұнтақтарын машина майларына қосқан кезде механизмдердің бір-бірімен үйкеліс күші және қажалуы күрт төмендеген. Бұл жағдайда іште жанатын двигателдердің жұмыс істеу мерзімі 4-5 есеге ұлғайып, жанармай шығынын да азайтып, өндіріске экономикалық үнем әкелуге тиіс. Бұл жаңалығымыз дүние жүзінде «Мыс ұнтағын алудың Баекшов-Жұрынов әдісі» деген атпен тіркелді.

– Электр энергиясы көздерін жаңарту бағытында атқарған жұмысыңыз туралы не айтар едіңіз?

– Әрбір елде өндірілетін электр энергиясының көлемі сол елдің экономикалық дамуының негізгі көрсеткішін құрайды. Мұнда автономды ток көздерінен алынатын электр тогының көлемі де маңызды. Автономды электр энергиясының көздеріне химиялық ток көздерінен басқа күннен, желден және судан алынатын электр тогын жеткізуге болады. Автономды жағдайда электр тогын беретін химиялық ток көздері күнделікті өмірде, өндірісте, ауыл шаруашылығында, сондай-ақ электроника, автоматика, тағы да басқа жерлерде кеңінен қолданылып келеді. Мысал келтірер болсақ, жаңқалтаңыздағы күнделікті қолданып жүрген ұялы телефоннан бастап жеңіл және ауыр машиналар жұмысы осымен реттеледі. Бүгінгі күні автономды ток көздерін қолданбай, адамзаттың өмір сүруінің өзін көзге елестету қиын.

4 сәтте

АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына биыл 37 жыл толды. От пен оқтын ортасынан оралған жауынгерлерді дәріптеу дәстүрге айналып, жыл сайын спорттық сайыстар өткізіледі. Сондай-ақ ардагерлерге құрмет көрсетіліп, боздақтар рухына тағзым жасалады. Дәстүрлі шара биыл да жалғасын тапты.

Әлібек ТЕМІРБЕК



Алдымен ауған соғысының жауынгерлері Мұхтар Нарымбетов пен Әділ Қадировты еске алуға арналған футболдан оқушылар арасында аудандық турнир өтті. Жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов, Әділ Қадиров ағамыздың бауыры Мамырбай Қадиров, аудандық «Ауғанстан ардагерлері және патриот жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қуаныш Әбілақимов пен Ауған соғысы ардагерлері қатысып, ыстық ықыластарын білдірді.

Қысқаша айта кетейік, әскери борышын өтеуде Мұхтар Оразбекұлы да болды. Ауғанстан жерінде жүріп қаза болған жаңақорғандық сарбаз Отан алдындағы адал қызметі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Майдан даласынан туған жеріне аман-есен оралған жерлестеріміздің бірі Әділхан Аblaметұлы әскери борышын денсаулық сақшысы ретінде атқарған жалғыз азамат. Алайда Әділ ағамыз да бүгінгі күнге жете алмады, өмірден ерте озды. Десекте қайсар ағалар қанармандығы жастарға үлгі-өнеге болып, әрбір ірінің жадымызда мәңгі сақталары анық.

Жарысқа Жаңақорған кентіндегі білім беру ұйымдары мен жеке мектептен 8 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Айта кететіні, шағын футболдан аудан оқушылары аймақта үздіктер төрінде. Сондықтан сайыстың осы спорт түрінен өтуі заңдылық. Сонымен жарыстың қорытындысы бойынша жақында ғана облыстық чемпионатта чемпион

атанған №163 орта мектебі тағы да мықты екендіктерін дәлелдеді. Одан кейінгі тұғырға №110 мектеп-лицейі қонса, үздік үштікті №169 мектеп оқушылары түйіндеді. Жеңімпаз командалар мен жүлдегерлер, үздік ойыншылар аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің грамоталарымен, медальдарымен және кубоктарымен марапатталды. Оларға аудандық «Ауғанстан ардагерлері және патриот жастары» қоғамдық бірлестігінің» бағалы сыйлықтары табысталды. Сондай-ақ қатысқан командалардың жетекшілері жарыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқаны үшін аудандық білім бөлімінің алғыс хаттарына ие болды.

Келесі күні интернационалистік жауынгерлерді еске алып, рухына Құран бағышталды. Тағзым алаңында ұйымдастырылған жиында ерлікпен қаза тапқан батырларымыздың рухына бас иіп, ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Іс-шараға ардагерлер, қоғамдық ұйымдар өкілдері мен жастар қатысты. Аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов сөз сөйлеп, ауған жерінде жауынгерлік борышын адал атқарған азаматтардың ерлігі ел жадында мәңгі сақталатынын атап өтті. Сонымен қатар, елге аман оралып, бейбіт өмірде еңбек етіп жүрген интернационалистік ардагерлер өз естеліктерімен бөлісті.

Осы күні аудан әкімі Мажит Самитов «Жаңақорған аудандық Ауғанстан ардагерлері және патриот жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қуаныш Әбілақимов

бастаған ардагерлерді қабылдады. Кездесу барысында аудан басшысы Ауған соғысының өткен ғасыр тарихындағы күрделі кезеңнің бірі болғанын айта келе, ерлік пен табандылық танытқан азаматтарға құрмет ортаймайтынын жеткізді.

– Сіздер әскери борышты абыроймен атқарып, қайсарлық пен жанқиярлықтың үлгісін көрсеттіңіздер. Сіздердің ерліктеріңіз әрдайым ел жадында. Бүгінде ауданымыздағы ауған соғысы ардагерлері қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, ел бірлігін нығайту бағытында аянбай еңбек етіп келеді. Бұл үлкен құрметке лайық іс. Осы еңбектеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін, – деді.

Өз кезегінде Қуаныш Мұсаұлы аудан басшылығы тарапынан көрсетіліп отырған қолдау мен қамқорлық үшін ризашылығын білдіріп, ардагерлер қауымы ел ішіндегі тұрақтылық пен бірлікті нығайту, жас буынға патриоттық тәрбие беру және мемлекет бастамаларын қолдау бағытындағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыра беретінін атап өтті.

Шара соңы «Руханият» орталығында «Ерлік- елдің жүрегінде» атты іс-шарамен жалғасты. Құрмет көрсету және патриоттық бағыттағы кездесулер кент және ауылдық округтердің барлығында ұйымдастырылды.

РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ АЙЫ

Рамазан – мұсылмандардың асыға күтетін, ораза ұстаған жанға Алланың сауабы төгілетін, айлардың сұлтаны болған қасиетті ай. Ораза ұстаған адам таң атқаннан күн батқанға дейін ниетін бекітіп, тамақ ішуден және өзге де оразасын бұзатын заттардан бас тартыды. Биыл Рамазан айы 19 ақпанда басталып, 20-наурызға аяқталады. Ораза 29 күн боламық. 20 – наурыз – Ораза айт күні. Ал наурыздың 16-нан 17-не қараған түн – Қадір түні. Сондай-ақ піпір садақа мөлшері жан басына 735 теңге болып бекітілді. Бүгінде ауыл-аймақтағы барлық мешіт имамдары Жаңақорған жұртшылығына арналған ауызашар кестесін бекітіп, халыққа таратуды бастап кеттік. Сондай-ақ жыл сайынғы дәстүрге айналған сауапты шараларды биыл да жалғастыруды қолға алмақпыз. Жомарт жандар мен кәсіпкерлерді осы айда есіресе жоқ-жітікке, тұрмысы тұралаған отбасыларға қайырымдылық шараларына белсенді қатысуға шақырамыз.

РАМАЗАН



2 сәтте

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ АЙЫ



Рамазан айында адамдар өз отбасыларына, көршілеріне, мұқтаж жандарға қамқор болып, қайырымдылық жасайды. Мешіттерде құлшылық амалдарын орындап, жамағатпен намаз оқып, дұға етудің ерекше рухани әсері бар. Бұл айда жұртшылық болып бір-бірімен мейірім мен сыйластыққа толы қарым-қатынасты нығайтады.

Сонымен қатар, Рамазан – өзін-өзі жетілдіру, жаман әдеттерден арылу, жағымды мінез-құлыққа бейімделу айы. Бұл айдың соңы – Ораза айт мерекесіне, яғни әр отбасы мен қоғам үшін қуаныш, мейірім және береке мерекесіне жалғасады. Бұл айда Құран бастан-аяқ қайта-қайта хатым жасалып, әр-әр жерде оның қасиетті үні ғажайып сұлу әуенмен оқылып, көкке шалықтап жатады. Құлдың жасаған жақсылығын періште атаулы жарыса жазып, тіпті

ораз асауың өлшеп жазуда қалам тоқтап, тек «ораза ұстады» деген баяндаумен ғана шектеледі деген тәміл бар. Ораза сауабының мөлшері Ұлы Құдірет Иесінің құзырына аманатталады. Құдс хадисте Алла Тағала: «Ауыз берік адам ішіп-жеуін тек менің ризалығым үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымың арасыңдағы риясыз ғибадат. Оған берілетін сый-сауапты Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Ауыз берік құлымың аштық пен шөлдеуден шыққан ауыз ісі Мен үшін миск әтірінде де тамаша», – деп, оразаның зор сауабын хабар беріп сүйіншілеген.

Мұсылман үмбеті бұл айды сарыла күтіп, сағына қарсы алады. «Ендігі жылы бұл қасиетті аймен қайта қауышуға ғұмырым жете ме, жоқ па?» деген қимас сезімдермен шығарып салады.

Ораза – мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Сондықтан, Жаратқанның құлдары бұл айда әдеп білес пенделердің өзіне жасаған небір сорақы іс әрекеттерін көріп, ашу шақырағ сөздерін естісе де, жарылуға шақ қалған нәпсісіне «Мен оразамын» деген жалғыз ауыз сөзбен тоқтау салып, сабырға шақырады. Мұндай күтпеген имани ишарадан сол әдеп білместердің өзі де терең сабақ алып, таубасына келеді.

Күні бойы аштық пен шөлдің қиындықтарына төзе білген, тіпті, жаздың небір ми қайнатар аптап ыстықтарында ауыз бектүге шыдаған жандар ендігі жерде өмірде кездесетін небір қиындықтарға мойымай, сабырлық танытады.

Басқа айда өз қалауынша бей-берекет ішіп-жеп үйренген құл ендігі жерде судың бір тамшысын, тамақтың бір түйірін аузына салу үшін Ұлы Иесінің «азан» атты бұйрығын күтеді. Сөйтіп, он бір ай бойы өзін ие санап келген тәкаппар нәпсіге барша ырыс-берекенің, рыздық-нәпақаның шынайы Иесі Алла Тағала екенін ұқтырады.

Қасиетті Рамазан айы қарсаңында аудан жұртшылығына айтар үндеуіміз бар. Жаңаза рәсімінен кейінгі марқұмның жетісін беру, қырқын өткізу, тағы басқа көпшілікпен атқарылатын шараның барлығы ауызашар уақытында берілгені жөн. Иә, «Өмір бар жерде, өлім бар» демекші, жылдағы көріп жүргендей, кейбір бауырларымыз ораза күні тал түсте қазан ет асып, құдайы ас беріп жатады. Жаратқан Иеміз, күллі мұсылман баласына ауыз бектуді бұйырған ораза айында көпшілік адамды шақырып, ас беру бұл – қасиетті айға деген құрметсіздік. Сондықтан да қырқы, жылдық асы секілді құдайы асты кешкі ауызашар уақытына ұйымдастырған жөн.

Рамазанда қалған 11 айға жететіндей рухани қуат, үлкендердің батасын алуға талпынуымыз қажет. Айтұлы ағайын қадір-қасиетін сезініп, зор сауаппен өткізуге, қалған он бір айда рухани қуат алуға Алла Тағала баршамызға нәсіп етсін. Халқымыздың ауызбіршілігін бекемдеп, берекелі қылысын. Өзіне сенетіндердің, өзіне шын мойынұсынғандардың қатарын көбейтіп деп тілейміз.

Әбдіхалық қажы НАМЕТОВ, Жаңақорған ауданының бас имамы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты бүкіл Қазақстан аумағында жүруде. Осы қағидат құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған тімді өзін-өзі бастама ретінде назарға алынып отыр.

ЛИЦЕНЗИЯСЫЗ САУДА – ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ЕСЕПТЕЛЕДІ

Өз кезегінде, алкогольді қоғамға тигізетін зияны орасан, масан күйді жасалатын құқық бұзушылықтар мен жол-көлік оқиғалары, тұрмыстық-зорлық зомбылықтардың негізгі себептерінің бірі. Көбіне алкогольдік еліту жағдайында адам қылмыстың объектісі немесе субъектісі болып табылатындығы да белгілі.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес алкоголь өнімдерін өндіру және сату қызметі міндетті лицензиялауға жатады. Алкоголь өнімдерін тиісті лицензиясыз сату заң бұзушылық болып табылады және әкімшілік жауапкершілікке әкел соғады. Лицензиясыз сауда жасаған тұлғаларға айыппұл салынып, заңсыз өнім тәркіленеді. Осы әрекет қайталанған жағдайда немесе ірі көлемде құқық бұзушылық анықталса, қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. Бұл талаптардың мақсаты-халықтың денсаулығын қорғау, көлеңкелі айналымды азайту және заңдылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Осы ретте, Жаңақорған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2025 жылы тиісті лицензиясыз (руқсатсыз) алкоголь, әкімдік тәжірибесімен таңбаланбаған темекі өнімдерін өткізуді тұлғалардан анықтауда атқарған жұмысына тоқталып өтсек.

ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 142-бабына (2026 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Жаңа салық кодексінің 156-бабы) сәй, Басқарма қызметкерлерімен келелген сұрақтар бойынша рейдтік тексеру нәтижесімен Жаңақорған ауданы аумағында тиісті лицензиясыз алкоголь өнімдерін заңсыз өткізу фактісімен 14 жеке тұлғалар анықталып, олардан 1464 литр арақ-шарап өнімдері, 9 жеке тұлғадан 2448 қорап ақциздік маркасымен таңбаланбаған заңсыз темекі өнімдері сатылымнан алынып тәркіленді, іс құжаттары сотқа жолданды.

Бұдан бөлек, дара кәсіпкерлер арасында заңсыз алкоголь өнімдерін өткізудің талаптары, одан туындайтын жауапкершіліктері туралы 3 мәрте үлкен семинар ұйымдастырылып, әлеуметтік желідегі Басқарманың ресми парақшасына 47 мәрте ақпараттар жарияланды, 12 мәрте дөңгелек үстел өткізілді.

Осы жылдың басынан бастап бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудан Прокуратурасының бастамасымен, Жаңақорған аудандық Полиция және Жаңақорған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы бірігіп «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында аудан аумағында тиісті лицензиясыз (руқсатсыз) кәсіпкерлік қызметпен айналысудың алдын-алу бағытында іс-шара жоспарын бекітті, бірлесіп рейдтік жұмыстар атқарылды. Нәтижесімен тиісті лицензиясыз (руқсатсыз) алкоголь өнімдерін өткізуді 2 тұлға анықталып, 243 литр алкоголь өнімдері тәркіленді. Осы бағыттағы жұмыстарды жыл соңына дейін бірлесіп ұйымдастыру барлық тараптармен келісілді.

Қорытындылайтын болсақ, тиісті тіркесіз, руқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік қызметпен айналысу заңға қайшы, ал, алкоголь өнімдерін сату-үлкен жауапкершілік талап ететін қызмет. Сондықтан әрбір азамат заң талаптарын сақтау қажет, заң талаптарын сақтау тұрақты және қауіпсіз бизнестің кепілі.

Қалдырған МҰСАЕВ, Жаңақорған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы

Жаңақорған ауданы аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы ХАБАРЛАМА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 11 ақпандық №1170 Жарлығына, «2026 жылғы 15 наурызда тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2026 жылғы 12 ақпандық №6/10 қаулысына сәйкес, Жаңақорған ауданының аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамы, орналасқан жері мен жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Жаңақорған ауданының аумақтық референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті әкімі аппаратының төңірегіндегі ғимарат, Жаңақорған кенті, Зұлғайыр Мұсаханов көшесі №110, «Жаңақорған қызметі КМҚН» ғимараты. Байланыс телефоны: (72435) 21-3-47. Эл пошта: tic_kz_zln@saylau.kz

№304 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Екіпінді ауылы, Бәкір Алмасбаев көшесі №15, №166 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 53-9-81

№305 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Сұнақата ауылы, Сығанақ көшесі №6, Сұнақата ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 53-8-61

№306 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қоқамберді ауылы, Мәжіт Биділұлы Шадиков көшесі №19, №162 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 54-3-59

№307 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Теменарық ауылы, Бегайдар Аралбаев көшесі №95, Теменарық ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 53-3-04

№308 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Теменарық ауылы, Шауленбек Дүйсебеков көшесі №1

№309 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Сүттіқұдық ауылы, Садыхбек Сапарбеков көшесі №8, Сүттіқұдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 54-1-84

№310 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жайылма ауылы, Өтеш Рақышұлы көшесі №1, Жайылма ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 30-1-34

№311 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі №6А, Шалқия кенттік мәдениет үйі ғимараты. Байланыс телефоны: 42-4-52

№312 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Бірлік ауылы, Нұрғали Түрешев көшесі №64, Бірлік ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 92-1-78

№313 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қырғи ауылы, Тәуелсіздік көшесі №99, №180 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 30-7-76

№314 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қосүйенкі ауылы, Бибіш Сиағұлұлова көшесі №11, №161 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 30-4-16

№315 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Аққым ауылы, Сайынбай Базарбаев көшесі №26, №221 орта мектебінің ғимараты, байланыс телефоны: 31-2-21

№316 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Бесарық бекеті, Өркендеу көшесі №15, Бесарық бекеті клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 72-2-05

№317 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Кенес ауылы, Исатай Топышев көшесі №21, Төлепберген Әбдірашев атындағы №239 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 58-5-32

№318 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Талап бекеті, Сәрсенбек Мырзағалиев көшесі №7, №254 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 43-2-23

№319 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Теменарық ауылы, Бегайдар Аралбаев көшесі №95, Теменарық ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 53-3-04

№320 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Манал ауылы, Жаншора Көпешұлы көшесі №19, Манал ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 70-1-37

№321 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Бесарық ауылы, Жүсіп Қыдыров №21 Бесарық ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 77-8-84

№322 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қаратөбе ауылы, Нағима Емішқызы Болдықова көшесі №17а, Қаратөбе ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 74-1-61

№323 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қандөз ауылы, Жұман Үркінбаев көшесі №25, Қандөз ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 35-3-10

№324 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Көктөбе ауылы, Тәуелсіздік көшесі №1, №89 негізгі орта мектебінің ғимараты.

Байланыс телефоны: 35-5-18

№325 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Келітөбе ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі №10, Келітөбе ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 78-2-32

№326 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Түгіскен ауылы, Дінмұхаммед Қоңаев көшесі №33, Түгіскен ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 73-2-18

№327 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Ажол ауылы, Абылайхан данғылы №8 Машбек Нәлібаев ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 41-5-16

№328 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Өзгерт ауылы, Үсен ата көшесі №11, Өзгерт ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 23-0-24

№329 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қомакент ауылы, Әлжан Төлегенұлы көшесі №10, Қомакент ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 24-1-17

№330 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Байкене ауылы, Қалқаз Сіргейбайлы көшесі №5, Байкене ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 58-2-45

№331 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Білбіл ауылы, Әбділла Мұстайрылы көшесі №1, №255 негізгі орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 30-1-71

№332 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жанадық ауылы, Жанай Қожантайлы көшесі №4, Жанадық ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 63-3-75

№333 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Әбдіғалпар ауылы, Төлегетай Сүйіншілы көшесі №1, Әбдіғалпар ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 91-2-16

№334 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Жеңіс көшесі №1, М.Қаратаев атындағы №51 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 30-1-71

№335 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Манал Көкенов көшесі №4, Манал Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі ғимараты. Байланыс телефоны: 21-7-35

Төрағаның орынбасары - Мырзаев Абдиманол Исаевич Хатшы - Алимбетова Баян Абсаттаровна

№336 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Ыбырай Алтынсарин көшесі №20 А, №56 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 44-5-37

№337 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Құрманғазы Сағырбаев көшесі №81, Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі ғимараты. Байланыс телефоны: 25-1-13

№338 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Бейбіт Майлин көшесі №61, Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы ғимараты (жабық). Байланыс телефоны: 23-1-63

№339 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Оразбайлы Оңғарлы көшесі №67, №163 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 23-0-24

№340 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Сейітхан Сыздықов №16, С.Сапарбаев атындағы №125 орта мектебінің ғимараты. Байланыс телефоны: 24-1-17

№341 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Кейден ауылы, Сырдария көшесі №6, Кейден ауылдық клубының ғимараты. Байланыс телефоны: 31-0-61

№342 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Байкене ауылы, «Қызылқым» ЖШС, «Хорасан-1» кеңістігін бағалық поселке (жабық). Байланыс телефоны: 31-7-14

№343 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Кейден ауылы, Разведка №26, Ғимарат 20, (жабық). Байланыс телефоны: 21-2-73

№344 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі №32, Шалқия кенттік ПТД АҚ ғимараты (жабық). Байланыс телефоны: 79-1-07

№345 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі №32, Шалқия кенттік ПТД АҚ ғимараты (жабық). Байланыс телефоны: 79-1-07

Аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының жұмыс уақыты: 09.00-13.00,13.00-15.00 – түскі үзіліс, 15.00-19.00.

Жаңақорған ауданының аумақтық референдум комиссиясы

ОЛИМПИАДА: ТАРИХ ЖАҢАРДЫ

14 жасқа толғанда Шайдоровтың отбасы кәсіби есуге қолайлы жағдай іздеп, Ресейге қоныс аударады. Әуелі Мәскеуде, кейін Сочиіде жаттығады. 2018 жылы ол Ресейдің тұңғыш олимпиада чемпионы, тәжірибелі маман Алексей Урмановпен бірлесіп жұмыс жасайды. Мишань халықаралық аренадағы алғашқы елеулі табысы 2022 жылы тіркелді. Әлі жасөспірімдер санатында өнер көрсетіп жүрген ол әлем чемпионатында күміс медаль жеңіп алды. Ал ересектер деңгейіндегі алғашқы медальдар 2023-2024 маусымда қолға түсе бастады. Қытайдағы Гран-при кезеңінде күміс жүлде алды, финалда бесінші орынмен шектелді. Төрт құрлық чемпионатында топ жарып, Азия ойындарында қола жүлдеге қол жеткізді. Сонымен қатар әлем чемпионатында күміс медаль еншіледі.

2026 жылғы Олимпиада қарсаңында Шайдоров атылған басты үміткер саналмағаны рас. Тек жүлде алуы мүмкін деген де пікір болды. Басты фаворит ретінде Илья Малинин көрсетілді. Қысқа бағдарламада Михаил төрттік лутжи үштік тұлпыпен каскадта орындап, үштік аксель мен төрттік тұлпты сәтті қондырды. Нәтижесінде 92,94 ұпай жинады. Еркін бағдарламада ол бастапқы жоспарын өзгертіп, бес төрттік секіруді қамтыған күрделі контент ұсынды. Үштік аксель мен төрттік сальхов комбинациясы, төрттік филип пен тұлпу, өзге де жоғары техникалық элементтер көрерменді тәнті етті. Қазылар алқасы оған 198,64 ұпай берді. Қорытынды нәтиже – 291,58 ұпай. Бұл көрсеткіш оған Олимпиада алтынның сыйлады. Осылайша Михаил Шайдоров Қазақстан тарихындағы мәнерлеп сырғанаудан тұңғыш олимпиада чемпионы атанды.

– Шынымды айтсам, әлі де ене алар емеспін. Маусым бойы өз-өзімнен күрестім. Бұл маусым мен үшін аса ауыр болды. Жарыстарда бес бірдей төрттік секіруді шамамен үш рет орындап көруге тырыстым, бірақ бірде-бір рет сәтті шықпады. Ал бүгін бәрі сәтті орыдалды. Сәті түсіп, қолымнан келді, – деді чемпион.

Шайдоров – әлемде алғаш рет үштік аксель мен төрттік тұлпты, сондай-ақ үштік аксель мен төрттік сальховты ойлер арқылы каскадта орындаған спортыш. Бұл техникалық батылдық оған мойындалған шеберлерді басып өзгара мүмкіндік берді. Бұған дейін әлем чемпионатында күміс жүлде алған қазақстандықтар қатарында 2013 жылы Денис Тен, 2019 жылы Элизабет Турсынбаева болған еді. Сонымен қатар 2014 жылы Сочи Олимпиадасында Денис Тен қола нәтижесін олжалаған еді. Ал Михаил ел қоржынына үшінші әлемдік күмісті және тұңғыш олимпиадалық алтынды салды.

Тағы бір қуантарлығы ол қысқа бағдарламасын Қазақстанның Халық әртісі Динар Шайдоровтың орындауындағы «Confessa» композициясының сүйемелдеуімен ұсынды. Бұл да чемпионға рух беріп, жігерлендіріп десеқ болады. Жеңіс құтты болсын, қазақ елі!

Хабарландыру!

«Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 24 ақпаннан бастап 20 жұмыс күні ішінде бірінші экологиялық порталда (Ecorportal.kz) «Орман қоры жерлерінің жөелген учаскелерін елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдың елді мекендерінің) санатындағы жерлерге ауыстыру туралы» ҚР Үкіметі қаулының жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тәуелсіздіктің хабарлайды! («Жаңақорған ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлері санатынан Жаңақорған кенті, Ызғар өңіріндегі 348,0 гектар жер учаскелерін орман қоры жерлері санатынан елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері санатына ауыстыру.

Құжаттама пакетімен Бірінші экологиялық порталында, сондай-ақ –sel-khoz@mail.ru электрондық поchtасы немесе 8 (724-35)-22-3-72 телефон нөмірінен ақпарат алуға болады.

Объявление

Коммунальное государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жанакорганского района» сообщает, что в соответствии с пунктом 2 статьи 58 и пунктом 1 статьи 73 Экологического кодекса Республики Казахстан, с 24 февраля 2026 года в течение 20 рабочих дней на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz) будет проводиться общественное слушание в форме публичного обсуждения проекта постановления Правительства Республики Казахстан «О переводе отдельных участков земель лесного фонда в категорию земель населённых пунктов (городов, посёлков и сельских населённых пунктов)».

Коммунальное государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жанакорганского района» инициирует перевод земельного участка площадью 348,0 га, расположенного в районе:

п. Жаңақорған, район Ызғар, из категории земель лесного фонда коммунального государственного учреждения «Жаңақорғанское государственное учреждение по охране лесов и животного мира» в категорию земель населённых пунктов (городов, посёлков и сельских населённых пунктов).

Пакет документации доступен на Едином экологическом портале, а также можно получить информацию по электронной почте – sel-khoz2@mail.ru или по телефону 8 (724-35)-22-3-72.

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған Республикалық референдум бойынша Жаңақорған ауданындағы референдум учаскелерінің орналасқан жері және шекаралары туралы хабар

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 23-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының 2026 жылғы 12 ақпандағы №96/10 қаулысымен бекітілген «2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған Республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының» 2-тармағына сәйкес Жаңақорған ауданы әкімінің 2025 жылғы 4 маусымдағы №92 шешімі негізінде Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты референдум учаскелерінің орналасқан жері және шекаралары туралы хабарлайды.

Референдум учаскесі: №3024. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 166 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Екілді ауылы, Бөкір Алмасбаев көшесі 15. Шекарасы: Екілді ауылының Екілді ауылы.

Референдум учаскесі: №3025. Орналасқан орны: «Сұнаката ауылдық округі әкімі аппаратының «Сұнаката ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Сұнаката ауылы, Сығанақ көшесі 6. Шекарасы: Сұнаката ауылдық округінің Сұнаката ауылы және Еңбек ауылы.

Референдум учаскесі: №3026. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 162 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қожаберді ауылы, Мәжит Биділаулы Шадиков көшесі 1А. Шекарасы: Қожаберді ауылдық округінің Қожаберді ауылы.

Референдум учаскесі: №3027. Орналасқан орны: «Төменарық ауылдық округі әкімі аппаратының «Төменарық ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Төменарық ауылы, Бейғайдар ауылы, Әлия Молдағұлова, Марат Нәжімов, Абдыбек Мұсабаев, Рысбай Құдайбергенов, Дүйсенбек Пашаев, Бейғайдар Аралбаев, Дина Нұрпейісова, Бимбет Байымбетов, Мұқағали Мақатаев, Бимен Еденбаев, Әбуталп Алтыбаев, Елтай, Құрманғазы Сағырбаев көшелері.

Референдум учаскесі: №3028. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің» А.Д.Романов атындағы №53 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Теменарық ауылы, Шауленбек Дүйсебеков көшесі 1. Шекарасы: Теменарық ауылы, Абай Құнанбаев, Зәйдін Жүсіпов, Әзиз Камалов, Тұрар Рысқұлов, Разия Құлмыбетова, Құдабай Наурызбаев, Шауленбек Дүйсебеков, Әлі Исаев, Мәншүк Мәметова, Іскендір Құдияров көшелері.

Референдум учаскесі: №3029. Орналасқан орны: «Сүттіқұдық ауылдық округі әкімі аппаратының «Сүттіқұдық ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Сүттіқұдық ауылы, Садықбек Сапарбеков көшесі 8. Шекарасы: Сүттіқұдық ауылдық округінің Сүттіқұдық ауылы.

Референдум учаскесі: №3030. Орналасқан орны: «Жайылма ауылдық округі әкімі аппаратының «Жайылма ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жайылма ауылы, Өтеш Рақышев көшесі 1А. Шекарасы: Жайылма ауылдық округінің Жайылма ауылы.

Референдум учаскесі: №3031. Орналасқан орны: «Шалқия кенті әкімі аппаратының «Шалқия кенттік мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі 6А. Шекарасы: Шалқия кенті және Құттықожа ауылы.

Референдум учаскесі: №3032. Орналасқан орны: «Ақүйік ауылдық округі әкімі аппаратының «Бірік ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Бірік ауылы, Нұрғали Тұршөков көшесі 64. Шекарасы: Ақүйік ауылдық округінің Бірік ауылы.

Референдум учаскесі: №3033. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 180 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қыраш ауылы, Тауелсіздік көшесі 9. Шекарасы: Қыраш ауылдық округінің Қыраш ауылы.

Референдум учаскесі: №3034. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№191 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қосүйенкі ауылы, Бибіш Смағұлова көшесі 11. Шекарасы: Қосүйенкі ауылдық округінің Қосүйенкі ауылы.

Референдум учаскесі: №3035. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№9221 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Аққұм ауылы, 3. Шекарасы: Аққұм ауылының 3. Шекарасы: Кейден ауылдық округінің Аққұм ауылы.

Референдум учаскесі: №3036. Орналасқан орны: «Талап ауылдық округі әкімі аппаратының «Бесарық бекеті клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Бесарық бекеті, Өркендеу көшесі 15. Шекарасы: Талап ауылдық округінің Бесарық бекеті.

Референдум учаскесі: №3037. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «Т. Әбдірашев атындағы №239 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Кеңес ауылы, Исатай Топшыев көшесі 21. Шекарасы: Жаманбай батыр ауылдық округінің Кеңес ауылы.

Референдум учаскесі: №3038. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№254 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Талап бекеті, Сарсенбек Мырзатаев көшесі 7А. Шекарасы: Манап ауылдық округінің Талап бекеті.

Референдум учаскесі: №3039. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «№ 7 Жаңақорған ауданының олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жаңақорған кенті, Әлібек Сұлтанов көшесі 2. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Батырбек Бердібаев, Тұрсынқожа Шалалов, Әнуар Әбуғалипов, Александр Романов, Қадыр Тағаев, Сердалы Құрымбеков, Сапабек Мұсылманқұлов, Аметжан Байниязов, Ерман Айтбембетов, Сатыбалды Әлібеков, Нақып Ержанов, Сапарбай Сұлтанмуратов, Ипподром-9, Әлімқасар Сұлтанов, Қылышбай Омаров, Орынбай Бидашев, Файзулла Қозбаев, Иван Цой, Ералы Белсенбаев, Әлі Еламанов, Әлі Исаев, Әлі Мұсаев, Раш Мырзахметов, Қармахан Дүйсенбаев, Тағаблат Мұзафаров, Нұртаза Мырзахметов, Қаржаубек Жарқымбекұлы, Құлан Абдыбергелулы, Әбіласан Әшірбеков, Шаймерден Бақырұлы, Құдабай Наурызбаев, Нұрберген Тастаев, Айдархан Ержанов, Төлеген Бердібаев, Пархат Әлжанұлы Орғараев, Үсен Дүйсенов, Тобат Құлжігітов, Зұлхыяр Байзақов, Әбдісұлтан Еркімбаев, Ерғеш Сабыханов, Желілдек Батыр Бәлтекуллы, Мұрыстан Әскенбаев, Ысқақ Жолдыбайұлы, Мәденбек Абылаев, Әуезбек Қалдыбеков, Саяжай-1 көшелері.

Референдум учаскесі: №3040. Орналасқан орны: «Манап ауылдық округі әкімі аппаратының «Манап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Манап ауылы, Жаншора Көпешұлы көшесі 19. Шекарасы: Манап ауылдық округінің Манап ауылы.

Референдум учаскесі: №3041. Орналасқан орны: «Жаманбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының «Бесарық ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Бесарық ауылы, Жүсіп Қызылқасымов көшесі 54. Шекарасы: Жаманбай батыр ауылдық округінің Бесарық ауылы.

Референдум учаскесі: №3042. Орналасқан орны: «Қаратөбе ауылдық округі әкімі аппаратының «Қаратөбе ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қаратөбе ауылы, Болдықов Нағима Емшіқызы көшесі 17А. Шекарасы: Қаратөбе ауылдық округінің Қаратөбе ауылы.

Референдум учаскесі: №3043. Орналасқан орны: «Қандөз ауылдық округі әкімі аппаратының «Қандөз ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қандөз ауылы, Жұман Ұркімбаев көшесі 13. Шекарасы: Қандөз ауылдық округінің Қалғансыр ауылы және Қашқанкөл ауылы.

Референдум учаскесі: №3044. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№989 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Көктөбе ауылы, Тауелсіздік көшесі 1. Шекарасы: Көктөбе ауылдық округінің Көктөбе ауылы.

Референдум учаскесі: №3025. Орналасқан орны: «Келінтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының «Келінтөбе ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Келінтөбе ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі 16А. Шекарасы: Келінтөбе ауылдық округінің Келінтөбе ауылы.

Референдум учаскесі: №3026. Орналасқан орны: «Аққорған ауылдық округі әкімі аппаратының «Түгіскен ауылдық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Түгіскен ауылы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі 33. Шекарасы: Аққорған ауылдық округінің Түгіскен ауылы.

Референдум учаскесі: №3027. Орналасқан орны: «Машбек Нәлібаев ауылдық округі әкімі аппаратының «Машбек Нәлібаев ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Аққол ауылы, Абылайхан данғылы 8. Шекарасы: Машбек Нәлібаев ауылдық округінің Аққол ауылы.

Референдум учаскесі: №3028. Орналасқан орны: «Өзгент ауылдық округі әкімі аппаратының «Өзгент ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Өзгент ауылы, Үсен ата көшесі 11. Шекарасы: Өзгент ауылдық округінің Өзгент ауылы және Ақсұт ауылы.

Референдум учаскесі: №3029. Орналасқан орны: «Қожакент ауылдық округі әкімі аппаратының «Қожакент ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қожакент ауылы, Әлжан Төлегенұлы көшесі 10. Шекарасы: Қожакент ауылдық округінің Қожакент ауылы.

Референдум учаскесі: №3030. Орналасқан орны: «Байкенже ауылдық округі әкімі аппаратының «Байкенже ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Байкенже ауылы, Қалкөз Сіргейбайұлы көшесі 5. Шекарасы: Байкенже ауылдық округінің Байкенже ауылы.

Референдум учаскесі: №3031. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№255 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Билібай ауылы, Әбділла Мұстырұлы көшесі 1. Шекарасы: Байкенже ауылдық округінің Билібай ауылы.

Референдум учаскесі: №3032. Орналасқан орны: «Жанарық ауылдық округі әкімі аппаратының «Жанарық ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жанарық ауылы, Жанай Қожантайұлы көшесі 4. Шекарасы: Жанарық ауылдық округінің Жанарық ауылы.

Референдум учаскесі: №3033. Орналасқан орны: «Қырқене ауылдық округі әкімі аппаратының «Әбдіғалпап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Әбдіғалпап ауылы, Төлегетай Сүйіншіұлы көшесі 1. Шекарасы: Қырқене ауылдық округінің Әбдіғалпап ауылы.

Референдум учаскесі: №3034. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «М.Қаратаев атындағы №51 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жаңақорған кенті, Жеңіс көшесі 1. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Ахметжан Жанпейісов, Зұлхыяр Мұсаханов, Бексұлтан Байқоңыратов, Жәнішев Бостандық, Досқали, Орабек Қаушықов, Садық Әмітұлы Аметов, Қалкөз Сейтпейменов, Анарбек Асанов, Әмір Мәжитов, Шоқан Уәлиханов, Іргебай Сейтенов, Жақат Әбдіреймов, Батырхан Сейтов, Низамеддин Илялетдинов, Исмайыл Сарбасов, Төрехан Біләлов, Мұхамеджан Мұсаев, Сұлеймен Бөкенов, Бибігүл Матенова, Арыстанбек Қауғанбаев, Ибрагим Әшірбаев көшелері.

Референдум учаскесі: №3035. Орналасқан орны: «Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі 4. Шекарасы: Жаңақорған кенті: Қорған, Манап Көкенов, Аманкелді Иманов, Сартай Даушөев, Айтмағанбет Нақыпов, Ақмешіт, 25-жол айрығы, Ызғар, Ахмедия Пахырдинов, Мұхтар Нарымбетов, Нәлібай Айдарбеков, Алғашбек Шауаханов, Мәнсур Мұсаев, Бейғайдар Аралбаев, Орынбай Ахметов көшелері.

Референдум учаскесі: №3036. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№989 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Көктөбе ауылы, Тауелсіздік көшесі 1. Шекарасы: Көктөбе ауылдық округінің Көктөбе ауылы.

білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№989 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жаңақорған кенті, Ыбырай Алтынсарин көшесі 20А. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Мамат Түйменұлы, Бидаш Ысқақов, Асан Ахметов, Маханбет Дәуіш, Ыбырай Алтынсарин, Гафур Мұхамеджанов, Қалдарбек Шіров, Қорғантай, Санатория, Тұрсынбек Исмаилов, Исмайыл Ысқақов, Нарзила Калилаев, Әбіш Шоқыбаев, Қожахмет Ауанов, Әлім Мұхамеджанов, Мұбарак Абдуллаев, Дүкенбай Досжан, Бегман Әбжанұлов көшелері.

Референдум учаскесі: №3037. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жаңақорған ағарлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жаңақорған кенті, Құрманғазы Сағырбаев көшесі 81. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Құрманғазы Сағырбаев, Ұрзат Мәдиев, Байтұғиен Досымұлы, Сұлеймен Қошқаров, Әбдіманап Абылқас, Болашев, Ордөктер, Алқажар Мұхаммеджанов, Есқалиев, Қаракозжаев, Өскенбай Битабаров, Яхия Тұраұлы, Қалжігіт Өрғараев, Тауелсіздік, Шауат Мұсаханов, Жамал Құлмыбетов, Қырашбай Жақыпов, Дәумен Жақып Шоманұлы, Орман Ильясов, Тасан Әбенов көшелері.

Референдум учаскесі: №3038. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жаңақорған кенті, Бейімбет Майлин көшесі 61 (жабық). Шекарасы: Жаңақорған кенті.

Референдум учаскесі: №3039. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 163 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жаңақорған кенті, Онғарбай көшесі 67. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Срайыл Іскендірұлы, Мұхамеджанов, Қаракозжаев, Садірбай Сапарбаев, Бейімбет Майлин, Абдолла Алтық Сұлтанов, Онғарбай, Сейдан Нұрлыбаев, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Арасат Файзуллаұлы, Тілеу Тотаев, Алдан Аюпов, Сүйіндік Молдалиев көшелері.

Референдум учаскесі: №3040. Орналасқан орны: «Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Сапарбеков атындағы №25 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жаңақорған кенті, Сығанақ көшесі 1. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Сұлтанбек Қожахнов, Мұсахан Жапаров, Аманбай Шонабаев, Әлшек Бектібаев, Нұрғали Тұршөков, Әбдіқадір Хайниев, Сейдемет Абдырөмов, Үндемес Есенбеков, Күлсін Бакирова, Ерман Байзақов, Сұлеймен Мұстафаев, Әлі Тоқсанбаев, Ахмет Шынтаев, Құдас Жүнісбеков, Алаш Жаппасов, Амантай Сатбеков, Спан Сәдірсламов, Сайфулла Мырзаев, Тынышбек Ысқақов, Талп Әліев, Заманхан Мирзаханов, Сейтжан Сыдықов, Пазылбек Сивилев, Ынтымақ-4 көшелері.

Референдум учаскесі: №3041. Орналасқан орны: «Кейден ауылдық округі әкімі аппаратының «Кейден ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Кейден ауылы, Сырдыра көшесі 6. Шекарасы: Кейден ауылдық округінің Кейден ауылы.

Референдум учаскесі: №3042. Орналасқан орны: «Қазықұл жаппақкершілігі шектелуі серіктестігі, «Хорсан-1» кенші, Байкенже ауылы (жабық). Шекарасы: Байкенже ауылдық округінің Байкенже ауылы.

Референдум учаскесі: №3043. Орналасқан орны: «СКЗ-1» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі, Кейден ауылы (жабық). Шекарасы: Кейден ауылдық округінің Кейден ауылы.

Референдум учаскесі: №3067. Орналасқан орны: «Жаңақорған кенті әкімі аппаратының «Арман мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жаңақорған кенті, Сығанақ көшесі 8. Шекарасы: Жаңақорған кенті, Абай Құнанбаев, Сығанақ, Хорсан-Ата, Мұхтар Әуезов, Раушан Өбөнжақов, Садықбек Сапарбеков, Әмзе Тәжімбетов, Жамила Омарова көшелері.

Референдум учаскесі: №3068. Орналасқан орны: «Шалқия Цинк ЛТД» Акционерлік қоғамы, Шалқия кенті, Мұстафа Шоқай көшесі 32 (жабық). Шекарасы: Шалқия кенті.

Хабарлама!

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурстің туралы жер учаскелерінің тізбесі

p/c	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы (гектар)	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етулі	10	Жаңақорған ауданы, Сұнаката ауылдық өңірі	90,0	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен	Кәдімгі сұр-қоңыр жеңіл сазды топырақ аз дамыған сұр-қоңыр топырақтар	Жайылым 90,0	21	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Өз қаражаты есебінен
1	Жаңақорған ауданы, Шалқия кентінің тау беткейі	450,0	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен	Толық дамымаған шалғындық ашық сұр жеңіл саздақты күшті қиыршық тасты топырақ	Жайылым 450,0	5	Мал шаруашылығы											

АУМАҚТАН ТЫС СОТТЫЛЫҚ: ӘДІЛ СОТҚА ҚОЛЖЕТКІЗУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Аумақтан тыс соттылық институты Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіндегі маңызды жаңашылдықтардың бірі болып табылады. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне 2021 жылғы 20 желтоқсанда енгізілген өзгерістер арқылы нақты айқындалды.



Атап айтқанда, Кодекстің 32-бабына (Шарттық соттылық) енгізілген түзетулер 2022 жылдың 1 тамызынан бастап заңды күшіне енді. Жаңартылған 32-баптың мазмұнына сәйкес, тараптар істі сот талқылауына дайындау кезеңінде өзара келісім негізінде аумақтан тыс соттылық өзгертуге және эксаумақтық соттылықты таңдауға құқылы. Бұл – азаматтық процесілік тараптардың құқықтық еркіндігін кеңейтетін, дауды қараудың тиімді әділ тетігін қалыптастыратын норма. Дегенмен, заң шығарушы белгілі бір шектеулерді де сақтап қалды. Атап айтқанда, Кодекстің 31-бабында көзделген айрықша соттылық жағдайлары келісім арқылы өзгертілмейді. Яғни, ерекше соттылық белгіленген істер бойынша тараптардың келісімі заң талаптары айналып өте алмайды. Осы тұста «эксаумақтық соттылық» ұғымының мазмұнына тоқталу орынды. Дәстүрлі қағидат бойынша, талап арыз жауапкердің тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаны орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Ал эксаумақтық соттылық – істі тараптардың келісімімен еліміздің өзге өңіріндегі соттың қарауына беру мүмкіндігі. Бұл жаңашылдық қазіргі цифрлық сот жүйесінің мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Бүгінде соттарға келіп түсетін барлық істер автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы тіркеліп, судьяларға электронды түрде бөлінеді. Егер тараптар істі дайындау сатысында аумақтан тыс соттылықты қолдану туралы ортақ жазбаша өтініш білдірсе, іс Қазақстанның кез келген өңіріндегі сотқа жолданып мүмкін. Мұндай жағдайда ақпараттық жүйе судьялардың жүктемесін ескере отырып, жүктемесі салыстырмалы түрде төмен сотты автоматты түрде анықтайды. Бұл – адами фактордың ықпалын азайтып, істі бөлудің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды кепілдік. Аумақтан тыс соттылық институтының енгізілуі бірнеше өзекті міндеттерді шешуге бағытталған. Біріншіден, бұл тетік сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді. Жергілікті деңгейде қалыптасқан байланыстар мен ықпал ету мүмкіндіктері шектелісі. Екіншіден, тараптардың сот төрелігіне деген сенімі артады, себебі іс олардың өңірінен тыс, бейтарап ортада қаралады. Үшіншіден, соттар арасындағы жүктемелі теңестіруге мүмкіндік береді, бұл сот өндірісінің жеделдігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл өзгеріс сот төрелігінің заманауи талаптарға сай дамып келе жатқанын көрсетеді. Электронды сот ісін жүргізу, қашықтан қатысу, онлайн сот отырыстары сияқты цифрлық құралдар эксаумақтық соттылықты іс жүзінде жүзеге асыруға толық мүмкіндік береді. Тараптар үшін физикалық қашықтық кедергі болмайды, ал сот талқылауының сапасы мен тиімділігі сақталады. Аталған жаңашылдықтың құқықтық және әлеуметтік маңызы да зор. Ол азаматтардың сотқа қол жеткізу құқығын кеңейтеді, соттардың бейтараптығы мен тәуелсіздігіне деген сенімді нығайтады және құқық үстемдігі қағидатын нақтылай түседі. Бұл ретте аумақтан тыс соттылық – тек техникалық рәсім емес, сот реформасының бір бөлігі, сот жүйесін жаңғыртудың маңызды кезеңі болып табылады. Қорытындылай келе, аумақтан тыс соттылық қағидаты – азаматтық процесітегі әділдік, ашықтық және бейтараптық принциптерін күшейтетін тиімді құқықтық құрал. Ол сот жүйесін жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сапалы қорғауға және соттарға деген қоғамдық сенімді арттыруға бағытталған жүйелі қадам ретінде бағаланып отыр.

Айқыз НЫСАНБАЕВА, Жаңақорған аудандық сотының бас маманы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«АР-НАМЫС САҚТАЛҒАН ЖЕРДЕ ЗАҢ САЛТАНАТ ҚҰРАДЫ»

Біз жылу энергиясынан немесе гидротермалды (ыстық) сулардан электрохимиялық процестерді қолдану арқылы электр тогын алуға мүмкіндік беретін әдістер және қондырғылар жасау бағытында жұмыстар жүргіздік. Күн сәулесінің жылуынан электр тогын алу әдісін және оны іске асыратын қондырғы жасауды мақсат еттік. Осындай қондырғылар Түркияда әрбір демалыс үйлерінде демалушыларды ыстық сумен толық қамтамасыз етіп отыр. Бір түйір көмір немесе мұнай өнімдерін жақпай-ақ осындай жылу энергиясы көзіне ие болып отыр. Табиғи күн энергиясының құдіреті осындай.

ТИТАНДЫ ЕРІТКЕН ҒАЛЫМ

Д.И.Менделеевтің периодтық таблицасында «титан» деп аталатын элемент бар. Бұл элемент ең қатты, ең жеңіл, коррозияға ең тұрақты және де басқа ерекше қасиеттерге ие металдардың бірі. Отыз жылдан аса ізденісті ғылыми еңбегінің нәтижесінде титанды ерімейді деген қағиданы бұзып, жаңалық ашқан Әбдуәлі Баешов ағамыз бұл нәтижеге жету сырын төмендегіше жеткізді.

– Титан – аэро ғарышта, су кемелерінде, ұшақ және басқа да техникалық қондырғыларда кеңінен қолданып келе жатқан материал. Титан сулы ерітінділерде өте жоғары тұрақтылық көрсетеді. Ол бөлме температурасында қышқыл, сілтілі ерітінділерде ерімейді. Тіпті «паташ арағында» да ерімейді. Айта кету керек, коррозияға ең тұрақты элементтердің бірі – алтынның өзі кейінгі ортада еріп кетеді. Ал титан – ерімейді. Титанның барлық қосылыстары өте құнды және химия, металлургия, медицина, техника және де басқа салаларда кең қолданылып келеді. Титан металы мен оның қалдықтарын өңдеу өте қиын болғандықтан олардың көпшілігі бүгінгі күні жинақталып жатыр. Ал егер титан металын сулы ерітінділерде еріте алсақ, онда оның әртүрлі қосылыстарын алу әдістерін жасауға болар еді. Титанды электрохимиялық жолмен еріту мүмкін емес. Титанды анодтық поляризациялағанда ол пассивтілік, тізбектен тоқ өтпей қалады.

Отыз жылдан аса уақыт жүргізген ғылыми зерттеулеріміздің нәтижесінде әлемде алғаш титанды құрғит және тұз қышқылы ерітінділерінде еріту әдісі өмірге келді. Алғашқы зерттеулер титан электрохимиялық жолмен ерітілуіне 50 Гц өндірістік айналымы тоқпен поляризациялау кезінде ерітіндінің көрсетті. Одан кейінгі фундаменталды зерттеу нәтижелері стационарлы емес токтармен поляризациялап, активациялау арқылы титанды өздігінен химиялық ерітін күйге түсіруге болатындығын көрсетті. Әлемде алғаш болып ерімейді деп есептелініп келген титанды тіпті өзінен ерітін күйге түсіруге болатындығын дәлелдеп көрсете білдік. Бұл ғылыми жұмыстарымыз әлемдік жаңа құбылыс деп танылды. Тағы бір жаңы құбылыс – анод бетінде тотықсыздандырығыш реакциялар арқылы селен алу әдісін ойлап таптық. Жан-жақты ғылыми зерттеулер нәтижесінде – титанның үш валентті және төрт валентті хлоридтерін, сульфаттарын металл қалдықтарынан алуға, одан басқа титанның төрт валентті оксиді және гидроксиді қосылыстарын алу әдістері жасалып, олардың жаңалығы патенттермен қорғалды.

Табиғаттың әлі де ашылмаған, адамзатқа белгісіз, түсініксіз қыр-сыры өте көп. Мысалы дүние жүзі бойынша таза мысты алу электрохимиялық процесі бойынша іске асырылып келеді. Кеңес үкіметі кезінде мыс алу өндірісі Балқаш, Жезқазған, Алматы қалаларында жұмыс істеді. Осы электрохимиялық процесі белгілі болғанымен, оның шлам құрамында мыс ұнтақтары болуы түсініксіз болып келген. Бұл түсініксіз құбылыстың механизмін барлық елдердің ғалымдары зерттеді. Жүз жылға жуық осы бағытта жүргізілген зерттеулер анод шламды құрамына кіретін мыс ұнтақтарының түзілу себебін анықтай алмады. Ал біздің 1975-1980 жылдардан бастап жүргізген жан-жақты зерттеулеріміздің нәтижесінде бір валентті мыс иондарының белгілі бір жағдайларда анод бетінде



Суретте: ерлі-зайыпты ғалымдар, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Ажар және Әбдуәлі Баешовтармен бірге.

мыс ұнтақтарына дейін тотықсыздана алатынын көрсеттік және дәлелдей білдік. Осындай құбылыстың орын алатынын алғаш болып байқадық. Кейінгі зерттеулеріміз анод бетінде орын алатын тотықсыздану реакцияларын қолдану арқылы принципіалды жаңа технологиялар жасауға болатындығын да көрсетіп отыр. Біз алғаш болып байқаған осы құбылысты қолдану арқылы – өте дисперсті наноразмерлі мыс ұнтағын алу әдісі, «тотықсызданбайды» деп есептеліп келген алты валентті селенді анод бетінде тотықсыздандырып, элементті селен алу әдісі ұсынылып, оның жаңалығы патенттермен қорғалды.

– Мемлекет басшысы елімізде инвесторлар қызығушылығын арттыратын сала көп, әсіресе сирек кездесетін металдар мен мұнай-газ химиясына, цифрлық инфрақұрылымға, жаңартылатын энергия көздеріне, көлік және агроөндіріс ісіне көңіл бөлген жөн екендігін баса айтып келеді. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Расында да еліміздің стратегиялық дамуында қазба байлықтарымыздың орны үлкен. Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұнай өндірісі алдыңғы орынға шығып, тау-кен саласы екінші орынға ысырылды. Бұдан ұтыларымыз көп. Тегінде тау-кен саласына мемлекет өзі барлау жүргізіп, өндірумен де өзі айналысуы тиіс. Бір ғана мысал келтірейін, Темірдің нарықтағы құны келісі 50-100 теңге деп алайық. Енді одан қарапайым балға істесе 2-3 мың теңгелік бұйым болады. Ал енді бір килограмм темірден ине немесе сақал қыратын ұстара жасап шығарып 80 мың теңгеге дейін пайда табуға болады. Міне, бізде осы мәселе кемшін. Өкініштісі, темір негізінен шетелге шикізат күйінде сатылып жатыр. Әсіресе сирек металдар өндірісіне аса сақ болған жөн дер едім.

– Осы мәселе жөнінде тарқата айтсаңыз...
– Қазақтың жерінде сирек металдың бай қоры бар. Экономикада қолдану бағытына қарай металдар қара, түсті және бағалы металдар болып үшке бөлінеді. Түсті металдар 17 түрлі металдан тұрады. Олар бірегей магниттік, катализикалық және луминесценттік қасиеттерге ие. Күнделікті қолданыстағы смартфондар, электромобильдер, лазерлер, медициналық жабдықтар, қорғаныс жүйелері және жел турбиналары, күн батареяларын өндіру сирек металдарсыз мүмкін емес. Оның қоры бойынша Қытай көш бастап тұр. Қазақстанда оның қоры 28,2 млн тоннаны құрайды деп жобалап отырмыз. Аэроғарыш саласында ракетта жасауда қазіргі заманғы технологиялар мен көптеген дәрілік препараттарды синтездеу кезінде пайдаланылатын осми изотобы Жезқазған кен

орындарынан алынады. Мұнда өндірілетін кеннің 10 граммында 0,02 пайыз осмий бар. Оны әлемде алғаш қазақ ғалымы Әбдірәсіп Жарменов ашып, осы еңбегіне Мемлекеттік сыйлық берілді. Осы жұмыс жалғасын таппай тұр.

Қазақстан Президенті Үкіметке 12 вольтфрам кен орны бар. Бұл бойынша біздің еліміз екінші орында тұр.

Қазақстан Президенті Үкіметке 1,1 млрд доллар құрайтын меморандумға қол қойылып, Қарағанды облысындағы Солтүстік Қатпар және Жоғарғы Қайрақты кен орындарында вольтфрам жобасы игерілмек.

– Бұл жұмыстарды ілгері дамытуда қандай алғышарттар қажет?
– Бұл жұмыстарды тыңғылықты жүргізу үшін отандық ғалымдардың әлеуетін пайдалану керек. Бір қынжыларлығы, тоқырау кезеңдері ғылымға көңіл бөлмей, Академияның таратылуы сол кездері талантты жас кадрлердің саудаға не басқа салаға кетіп қалуына әкеліп соқтырды. Ғылымда орта буынның жұтандығын өсімен түсіндіруге болады. Ғылымға ышайы берілген бірлі-жарым ересек буынның қазірде жасымыз сексен-тоқсанға келіп отырмыз. Бүгінгі ғалымдар тым жас, ортадағы байланыстырушы, сабақтастырушы күш мығым болуы керек еді. Онсыз біздің жағдайымызды ғұлама ғалым К.И. Скрябиннің айтқанымен жеткізсек, ол былай: «Егер лабораторияда кілең көрілер болса, ол – трагедия, ал тек жастар болса, ол – комедия». Ғалымның бұл сөзіне үлкен мән беру керек. Аға толқынның ақыл-көнес, тәжірибесінің жастардың үлкен жетістікке жетуіне қиын. Ғылымда сабақтастық үлкен роль ойнайды. Сол үшін аға толқын, орта және кіші буын бірігіп, сабақтастық жұмыс істеуі керек.

– Енді жаңадан қабылданғалы жатқан Конституция туралы тоқтасаңыз. Ана тіліміз туралы не айтасыз?

– Мен өзім бесікте жатқаннан бүгінгі белесіме көтерілгенге дейін бес Конституцияның шағағатын көріп – сезіндім. Қоғам өзгерген сайын мемлекеттің Ата Заны өзгеруі заңды құбылыс. Бірақ барлығында бірдей «Адам және оның құқы мен бостандығының» құрметтелетінін бірінші бабында атап көрсеткен. Ал келесі адам болып қалыптасу – ол әркімнің өз ынта-ықыласымен, қажырлы еңбегімен қолға түседі. Біздің елде жалпыға бірдей тегін оқу, ауыра қалған жағдайда тегін емделу, тағы басқа артықшылықтар көп. Ата Зандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Орыс тілін қатарында жетік білуге тырысу, ол да – өмір талабы. Қазіргі жаһандану жағдайында орыс тілі ғана емес, ағылшын, қытай, жапон тілдерін игеруге ұмтылу керек.

Біз, әсіресе ғалымдар кеңестік кезінде орыс тілін жетік білуден ұтылмадық. Орыстың мықты ғалымдарын мойындаған жаңалықтарымыз дүние жүзіне тарды. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің аясын кеңейтуге алғышарттар көп. Мемлекеттің іс-қағазын қазақша жүргізуге кедергі жоқ. Өз ана тілін білмейтін қазақ азаматтарымыз оны қолдан құрделендіріп, жетік қолдана алмай жүр. Мұны көріп-біліп жүрген өзге ұлт өкілдерінің де қазақ тілін үйренуге ықыласы бола қоймасы белгілі. Сондықтан өзміз аса белсенді, ынталы болсақ, мемлекеттік тіл – қазақ тілі басымдығы өзін-өзі орайды.

Жақында ғана қазақстандық 5 профессор оқытушы Өзбекстанның Ауғанстанмен шекаралас Термез қаласына барып, студенттерге лекция оқыдық. Білімгерлерге жағдай мықты, ғимараты, материалдық жабдықталуы жарқырап тұр. Бір кемшілігі, ортақ тіл табу қиын болды. Студенттер орыс тілін мүлде білмейді. Біз өзбек тіліне шорақпақсыз, химиялық формулалар бойынша өйтіп-бүйтіп түсінікпен болдық. Несін жасырайын, бұл жағдай менің көңіліме қонбады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

ЭКСПОНАТТАР ЭКСПЕДИЦИЯСЫ – ТАРИХТЫҢ ӨШПЕС ІЗІ



Жақында аудандық тарихи-өлкетану музейінде «МУЗЕЙ TOUR: экспонаттар экспедициясы» кешенді жобасы аясында «Отырар алқабының қалалық мәдениеті және тарихи-мәдени мұрасы» атты көшпелі көрменің ашылу салтанаты өтті.

Көрмені тамашалаушылар көне дәуірлерге сапар шегіп, Отырар алқабының сан ғасырлық шежіресіне қанықты. – Бүгінгі көрме сан асарлық тарихи нысан, ұлы өркениеттің, рухани сабақтастықтың көрінісі. Отырар алқабы Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі мәдениет пен ғылым ордасы болған киелі мекен. Археологиялық зерттеулер көрсеткендей, Отырар алқабында 200-ден астам тарихи-мәдени ескерткіш бар. Бұл – халқымыздың терең тарихының айғағы. Бүгін сіздер көріп отырған әрбір жәдігер көне дәуірдің үніс шөжіресі, – деді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Кәзейбаев.

Көрмеге қойылған қыш ыдыстар, тұрмыстық бұйымдар, құрылыс қалдықтары – барлығы да ортағасырлық мәдениеттің жоғары деңгейде дамығанын дәлелдейді. Тарихты тек кітаптан оқу жеткіліксіз, оны көзбен көріп, жүректен сезіну қажет. «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының директоры Айбек Жандосов сөз алып, музей – тек жәдігер сақтайтын орын емес, өткен мен бүгінді жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан осындай жобалар арқылы халық пен тарих арасындағы байланыс тереңдей түсетініне тоқталды. Осы ретте, игі бастамаға қолдау көрсеткен аудан әкімдігіне,

Руханият орталығы ұжымына, музей қызметкерлеріне және барша қатысушыларға ризашылығын білдірді.

ОТЫРАР – ӨРКЕНИЕТ БЕСІГІ

Отырар алқабы Сырдария мен Арыс өзендерінің бойында орналасқан, ежелден қалалық мәдениеті дамыған тарихи аймақ. Географиялық тұрғыдан алғанда бұл өңір Ұлы Жібек жолының маңызды тармақтарының бірінде орналасқан. Сондықтан да мұнда сауда-саттық, қолөнер, ғылым мен білім қатар дамыды.

Тарихи деректерде бұл өңірдің кітапханасы бай болғаны айтылады. кейбір зерттеушілер Отырар кітапханасын Александрия кітапханасымен салыстырады. Мұндай деректер Отырардың тек сауда ғана емес, ғылым ордасы болғанын дәлелдейді.

Сондай-ақ, Отырар алқабы әлемге әйгілі ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген қасиетті мекен. Әл-Фараби – шығыс философиясының жарық жұлдызы, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған ғұлама. Ойшылдың туған жері – Фараб қаласы. Бұл дерек Отырардың тек сауда мен қолөнердің ғана емес, ілім-білімнің де орталығы болғанын көрсетеді.

Аталмыш көрме барысында ғалымның өмір жолына, туған өлкесіне қатысты деректер ұсынылып, келушілер ұлы тулғанын рухани мұрасымен қайта қауышты. Көрмеде осы киелі орындарға қатысты археологиялық материалдар, фотосуреттер мен тарихи деректер ұсынылды.

Отырар алқабының қалалық мәдениеті жоспарланған құрылыс жүйесімен, суландыру жүйесінің дамуымен, қолөнер мен сауданың және ғылым мен руханияттың озық үлгісімен

дараланады. Ал, көрмеде қойылған экспонаттар – сол дәуірдің үніс күйерлері. Әрбір экспонат – бір тарих, бір тағдыр. Көне кірпіш, оюлы құмыра, темірден соғылған құрал – бәрі де ортағасырлық қалалық мәдениеттің дамығанын айғақтайды.

КӨШПЕЛІ КӨРМЕНІҢ МӘНІ

«МУЗЕЙ TOUR: экспонаттар экспедициясы» жобасының басты ерекшелігі – тарихи мұраны халыққа жақындату. Әдетте музейге арнайы барып қана көруге болатын жәдігерлер енді аудан тұрғындарының өз ортасына келіп отыр.

Көрменің ашылу салтанатында сөз сөйлеген мамандар мұндай жобалардың өскелең ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өтті.

– Бүгінгі көрме – өткенге тағзым, бүгінге сабақ, келешекке аманат. Ұлы өркениеттің ізі қалған Отырар алқабы – қазақ халқының тарихи жадында айрықша орын алатыны ақиқат. Тарихи-мәдени мұраларды сақтау, оны ұрпаққа насихаттап, бабалар аманатын жеткізу – тек музей қызметкерлерінің емес, барша қоғамның міндеті. Себебі өткенді қадірлеген елдің ғана болашағы баянды, – дейді аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері Мәлдір Дүйсенбаева

Иә, Отырар алқабының ұлы мәдени мұрасы мен тарихи ескерткіштері жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, ұлттық бірегейлікті нығайтуға қызмет етеді. Көшпелі көрме осы бағыттағы игі бастамалардың бірі екені сөзсіз. Осы орайда, көрмені тамашалаған әрбір адам көне Отырардың тынысын сезініп, тарихпен тілдескендей әсер алды. Ал тарихпен тілдесу – ұлтпен тілдесу деген сөз.

Айсұлу АЛДАНАЗАР

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясы

Бас редактор

Баян ҮСЕЙІНОВА

Телефондар:

Бас директор – 8 (7242) 40-11-10

Бас редактор – 8 (724 35) 21-4-35

Бас редактордың орынбасары – 21-9-71

Тілшілер – 22-2-44

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17663-Г куәлігі берілген.

«Жаңақорған тынысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджмент жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А. Тел: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 22-2-44 немесе 8(7242)70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Таралымы 5555

Тапсырыс №274

Газеттің кезекші редакторы Әсел РЗАЕВА